



С ПРЕЗИДЕНТ

ҰҚШҰ – КҮШ-ЖІГЕР МЕН РЕСУРСТАРДЫ БІРІКТІРЕТІН БІРЕГЕЙ МЕХАНИЗМ

Астанада Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясы өтті. Тәуелсіздік сарайында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кеңеске келген мәртебелі меймандарды қарсы алды. Отырысқа қатысушы елдер басшыларының бірге суретке тұсу рәсімінен соң, іс-шара ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің шағын құрамдағы сессиясымен басталды.

Төрағалық міндет толық орындалды
Сессия отырысына Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, сондай-ақ ҰҚШҰ Бас хатшысы Иманғали Тасмағамбетов қатысты.

Мемлекет басшысы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Еуразия кеңістігіндегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін негізгі құрылымдардың біріне айналғанын атап өтті.

ҰҚШҰ қазіргі сын-қатерлер жағдайында ұйымға мүше барлық ел үшін қауіпсіздік кепілі ретінде өзінің қажет екенін көрсетіп отыр. Біздің үйлесімді әрекеттеріміз, өзара сенім мен қолдауымыз ең қиын әрі ауқымды міндеттерді шешу жолындағы ұжымдық қабілетімізді нығайтады. ҰҚШҰ – жай ғана әскери серіктестік емес, мемлекеттеріміздің егемендігі мен ауақтық тұтастығын қорғау мақсатындағы күш-жігеріміз бен ресурстарымызды біріктіретін бірегей механизм екенін атап өткен ләзім, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанның ҰҚШҰ төрағасы ретінде ұйымға мүше елдер арасындағы тығыз қарым-қатынасты нығайтуға, дағдарыс жағдайларында жедел әрекет ету тетіктерінің тиімділігін арттыруға бар күш-жігерін жұмсағанын айтты. Сондай-ақ терроризм, кибершабуыл, трансұлттық қылмыс және заңсыз есірткі айналымы секілді қазіргі заманның қауіп-қатерлеріне қарсы күресте ұйым мүмкіндіктерін жетілдіруге баса мән берді.

Ұйымның жарғылық органдарының отырыстары, әскери оқу-жаттығу жиындары және профилатикалық операциялар жоспарлы түрде ұйымдастырылды. Сыртқы істер және қорғаныс министрлері ұжымдық қауіпсіздіктің өзекті мәселелерін қарастырды. Қауіпсіздік кеңесі хатшылары мен парламент спикерлерінің деңгейінде кездесулер өтті. Ұйымның қосымша және жұмыс органдарының кеңестері өткізілді. ҰҚШҰ қызметінің түрлі бағыттары бойынша консультациялар жасалды. Сессияаралық кезеңде бірқатар маңызды құжат қабылданды. Бұлар халықаралық ынтымақтастық, қорғаныс саласындағы ықпалдастық, сондай-ақ ұжымдық қауіпсіздіктің өзекті сын-қатерлері мен қауіптеріне қарсы іс-қимыл мәселелерін қамтиды. Ұлы Жеңістің 80 жылдығын атап өтуге қатысты дайындық жұмыстарына айрықша мән берілді. Бүгін бізге Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің тиісті мәлімдемесі ұсынылады. Жалпы Қазақстан Республикасының Ұйымға төрағалығы кезінде қойылған міндеттерді бәрі орындалды. Біз белгілеген басымдықтарды жүзеге асыруға қолдау көрсеткендеріңіз және бірлесіп нәтижелі жұмыс атқарғандарыңыз үшін алғыс айтамын, – деді Мемлекет басшысы.

Жиын барысында халықаралық және өңірлік қауіпсіздік мәселелері талқыланды. Бұған қоса Қазақстан Республикасының 2024 жылы ҰҚШҰ-ға төрағалығы қорытындыланды және алдағы кезеңнің жоспары нақтыланды.

Сын-қатерлерге қарсы күрес тетіктері жолға қойылды



ҰЖЫМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ ШАРТ ҰЙЫМЫНЫҢ ҰЖЫМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ СЕССИЯСЫ
2024 жылғы 28 қараша, Астана

СЭСИЯ СОВЕТА БЕЛОРУССИЙНОЇ БЕЗОПАСНОСТИ
ОБЪЕДИНЕННЫХ ШТАТОВ И БЕЛОРУССИЙНОЇ БЕЗОПАСНОСТИ
28 ноября 2024 года, Астана

Бұдан соң ел басшылары ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кеңейтілген құрамдағы отырысына қатысты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессия жұмысына Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин және Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен қатар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Бас хатшысы Сергей Лебедев пен Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы Чжан Мин қатысты. Мемлекет басшысы сессия жұмысын ашып, жиын қатысушыларына ризашылығын білдірді.

Бүгінде ҰҚШҰ ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді көздейтін тиімді әрі қажетті халықаралық құрылымға айналды. Ұйымның даму жылдарында мүше мемлекеттер көптеген мәселе бойынша өзара ықпалдастық жасап, мол тәжірибе жинады. Ауқымды нормативтік-құқықтық база қалыптасты. Қазіргі сын-қатерлер мен қауіптерге қарсы күрес тетіктері жолға қойылды. Ұжымдық қауіпсіздік күштері мен құралдары жасақталып, қалыптас қызмет етіп жатыр. Белделі халықаралық және өңірлік ұйымдармен конструктивті ынтымақтастық орнатылды, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев шағын құрамда өткен отырыста мемлекеттер басшылары халықаралық және өңірлік қауіпсіздіктің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасқанын айтты. Сондай-ақ Қазақстанның төрағалығы аясында ҰҚШҰ-ның биылғы қызметі қорытындыланғанын жеткізді.

Кездесу қорытындысы Ұжымдық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерге қарсы жұмыла әрекет етуге дайын екенімізді тағы да растады. Пікірталас барысында халықаралық күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ұстанымдарымызды жеткіздік. Біздің қазіргі жағдайға ортақ бағамы және ҰҚШҰ-ның одан әрі дамуына көзқарасымыз Қазақстанның бастамасымен әзірленген Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің декларациясында көрініс тапты. Ұлы Жеңістің 80 жылдығын мерекелеуге ерекше мән берілді. Ардагерлердің майдандағы және тылдағы ерлігі есімізде мәңгі сақталады. Оларды әрдайым мақтан тұтамыз, құрметтейміз. Айтулы мереке қарсаңында ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің мәлімдемесін қабылдау, сондай-ақ Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай мерекелік іс-шаралар жоспарын бекіту маңызды

деп санаймыз, – деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстанның ҰҚШҰ-ға төрағалығы аясында Ұйым жарғысына сай ынтымақтастық бағыттары бойынша 60-қа жуық іс-шара ұйымдастырылған. Халықаралық аренада келісілген ұстанымдарды ілгерілету бойынша серіктестермен бірлесу жұмыс жүргізілді.

Биыл қабылданған саяси құжаттар легіне ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің жалпы бағалауы негіз болды. Олардың ішінде халықаралық ақпараттық қауіпсіздік, ғарыш саласындағы ынтымақтастық мәселелері мен Таяу Шығыстағы ахуалға байланысты, сондай-ақ Белоруссияны басқыншылардан азат етудің 80 жылдығына орай қабылданған мәлімдемелер бар. Жыл бойы ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарының әскери дайындығына мұқият назар аударылды. Бүгін біз ҰҚШҰ күштері мен құралдары мәртебесіне және әскери контингентті тасымалдауға қатысты халықаралық келісімдердің екі хаттама-сына қол қоямыз. ҰҚШҰ-ға мүше елдердің бітімгерлік күштерінің дайындық деңгейі мен жауынгерлік машығын жетілдіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қыркүйек-қазан айларында елімізде «Мызғымас бауырластық – 2024» ҰҚШҰ Бітімгершілік күштерінің командалық-штабтық оқу-жаттығулары мен «Жартас – 2024» ҰҚШҰ арнайы оқу жиыны өтті. Аса қауіпті нысандардағы күрделі апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізудің бірлескен іс-қимылы пысықталды, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан айқындаған басымдықтар жүйелі жүзеге асырылды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл бойы өзекті сын-қатерлерге қарсы іс-қимыл мәселесіне ерекше ден қойғанын атап өтті.

– Қазақстан мен ҰҚШҰ-ға мүше басқа да елдер аумағында бір уақытта «Наемник», «Канал», «Нелегал» және «ПРОКСИ» секілді арнайы операциялардың түрлі кезеңдері өтті. Бұл іс-шаралар халықаралық терроризмге, есірткі саудасына, заңсыз кеші-қонға және ақпараттық ортадағы сын-қатерлерге қатысты қауіпті алдын алуды көздейді. Биыл біздің бастамамызбен алғаш рет заңсыз қару-жарақ, оқ-дәрі айналымына және ұйымдасқан трансұлттық қылмысқа қарсы іс-қимыл жөнінде консультациялар өтті. ҰҚШҰ аясында арнаулы жұмыс тобын құру мәселесі пысықталып жатыр. Қазақстан төрағалығының үйлестірумен Тәжік-ауған шекарасын нығайту жөніндегі

ҰҚШҰ-ның мақсатты мемлекетаралық бағдарламасын дайындау жұмыстары аяқталды. Құжатты әзірлеу 2013 жылы басталған еді. Бүгін біз Ұйымның онтүстік шебіндегі қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған осы маңызды шешімге қол қоямыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, ҰҚШҰ төрағасы ретінде Қазақстан айқындаған басымдықтар жүйелі әрі қарқынды түрде жүзеге асырылып келеді. Серіктестердің қолдауына сүйене отырып, ҰҚШҰ аясында аталған бастамаларды одан әрі ілгерілету ісі белсенді жалғасады.

Мемлекет басшысы Ұйымның Бас хатшысына, ҰҚШҰ-ның тұрақты кеңесі мен жұмыс органдарына атқарылған ауқымды жұмыс үшін ризашылығын жеткізді.

ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кеңейтілген құрамдағы сессиясы барысында Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров пен ҰҚШҰ Бас хатшысы Иманғали Тасмағамбетов сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Садыр Жапаровты 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҰҚШҰ-ға төрағалықтың Қырғыз Республикасына өтуі туралы шешімін қабылдануымен құттықтап, қырғыз тарапының жауапты міндетті табысты атқаруына тілектестік білдірді.

Жиын қорытындысы бойынша мемлекеттер басшылары Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің декларациясын қабылдап, бірқатар құжатқа қол қойды. Тәжік-ауған шекарасын нығайту жөніндегі ҰҚШҰ-ның мақсатты мемлекетаралық бағдарламасы бекітілді. Сонымен қатар президенттер Ұлы Жеңістің 80 жылдығына байланысты мәлімдеме қабылдап, келесі жылы осы айтулы датаға орай ұйымдастырылатын мерекелік іс-шаралардың жоспарын бекітті.

Астанада қабылданған құжаттар Ұйым мен ұжымдық қауіпсіздік жүйесін барлық мүше мемлекеттердің мүддесіне сай кешенді түрде дамытуға бағытталған.

Айта кетсек, Қазақстан 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҰҚШҰ-ға төрағалық етті.

Осы күні Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапары аяқталған Владимир Путинді елорда өуежайынан шығарып салды. Өуежайда Құрмет қарауылы сап түзеді. Сондай-ақ суретші Әсел Сабыржанқызы Ресей Президентіне елімізде жасаған сапарына арнап салған картинасын сыйға тартты. Полотнода екі елдің достығы бейнеленген.

С ДПУАТТАҚ ФРАКЦИЯ ОТЫРЫСЫ

АУДАН ӘКІМІ ЖОЛ ҚАРТАСЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША ЕСЕП БЕРДІ

Отырыста алғашқы болып Рахат Назымбекұлы сөз алып, Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша «Аманат» партиясының «Халықпен бірге» саялауалды бағдарламасын жүзеге асыру аясында Жол картасында көрсетілген шаралардың орындалуына тоқталды.

«Аманат» партиясының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы Саяси кеңесі Бюросының 2023 жылғы 25 мамырдағы қаулысымен «Аманат» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге» саялауалды бағдарламасы бекітілді. 5 бағыт бойынша 100-ден астам тармақты көздейді. Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша Жол картасының негізгі бағыттарының бірі – халықтың кірісін арттыру. Мәселен, сапалы жұмыс орындарын құру арқылы 2024 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 665 адам жұмыспен қамтылған, ал жоспар 659 адамды құраған болатын.

2024 жылғы 1 қарашада тіркелген жұмыссыздар саны 258 адамды құрайды. Үкілетті орган арқылы 1 188 адам немесе өтініш білдіргендердің 77,9%, мүгедектігі бар 23 адам жұмысқа орналастырылды. Оқу ұйымдарында 18 жұмыссыз оқудан өтті. 2024 жылдың 1 қазанына 20 грант берілді.

Жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін жұмысқа орналастыру бойынша белсенді шаралар қабылданды. «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту» ұлттық жобасы аясында ағымдағы жылы 31 млн. теңгеден астам сомаға 21 грант берілді. Субсидияланатын жұмыс орындарына 183 адам жұмысқа орналастырылды. 30 адам қысқа мерзімді кәсіптік оқыту мүмкіндігіне ие болды.

Биылғы жылы 10 жас маманға «Дипломмен ауылға» жобасы шеңберінде тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредиттер беру үшін 62949,0 мың теңге бөлінді. Есепті кезеңде барлығы 42 консультациялық іс-шара өткізілді, оның ішінде 7 рет Бос орындар жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Ағымдағы жылдың тамызы айында «Жасыл өл» еңбек жасағына 132 адам жұмысқа орналастырылды.

2024 жылдың ағымдағы кезеңінде аудан экономикасына 14,9 млрд. теңге, оның ішінде жеке – 8,3 млрд. теңге тартылды. Жыл соңына дейін күтілетін инвестициялар 20 млрд. теңгеден асады. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 1 189 бірлік (занды тұлғалар – 146, жеке кәсіпкерлер – 682, шәруа қожалықтары – 361).

Ауданда шағын бизнесті белсенді кәсіпорындарының өсу сәріні байқалады. Қантардан қарашаға дейін 167 жаңа жеке кәсіпкер тіркелген. Ағымдағы кезеңде 8 сауда нысаны ашылды, оның ішінде Булаев қаласындағы бір ірі кәсіпкер-бөлшек сауда супермаркеті, өсеміш тастары мен металл бұйымдарын өндіру цехы, Лебяжье ауылдағы диірмен. Бұл нысандардың ашылуы жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік берді.

Ауыл шаруашылығы саласында жыл басынан бері жалпы сомасы 6,5 млрд. теңгеге 293 бірлік жаңа техника мен жабдық және 158 бірлік басқа құрал-саймандар сатып алынды. Біздің ауданда табысты іске асырылып жатқан бағдарламаның бір тармағы - сүт-тауар фермаларын салу және іске қосу. Ағымдағы жылы жұмыс істеп тұрған 3 кәсіпорыны («НұрСен АГРО» ЖШС, «Полудинское» ЖШС, «Ногайбай» ЖШС) кеңейту бойынша жұмыс жүргізілді және 3600 басқа арналған ірі СТФ құрылысы басталды.

Екінші басты бағытта өмір сапасын арттыру жатады. Сапалы білім беру үшін ауданда барлық қажетті жағдай жасалуда. Ауданда 3555 оқушыдан тұратын 39 мектеп жұмыс істейді. Ағымдағы жылы 47 млн. теңге сомасына қазан Октябрь 0М күрделі жөндеу жүргізілді. Сондай-ақ, 8 мектепте 72 млн. теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. «Аққайың» сауықтыру лагеріне ағымдағы жөндеу 68 млн. теңге сомасына өткізілді.

Биыл оқу орындарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға 500 миллион теңге бөлінді. Спорттық құрал-жабдықтар, асханаларға арналған ас үй жабдықтары, жаңа модификациядағы 2 кабинет, мектеп жиһазы, компьютерлер, қазандық жабдықтары сатып алынды. Балалар тасымалдану ұйымдастыру үшін 2 жайлы Газель автокөлігі сатып алынды. Жаңа оқу жылының басынан бастап 1-4 сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Осы мақсаттарға 33 млн. теңге бағытталды.

Қол жетімді сапалы медицина аясында ауданның денсаулық сақтау жүйесінде бір ауысында 250 адам қабылдайтын емхана, 90 төсектік аудандық аурухана, 4 дәрігерлік амбулатория, 2 - Фельдшерлік-акушерлік пункт және 44 медициналық пункт бар. Аудан бойынша медициналық көмекті 260 орта медициналық қызметкер, оның ішінде 41 дәрігер және 219 орта медициналық қызметкер көрсетеді.

Ағымдағы жылдың басынан бастап ауданға 3 жаңа дәрігер келді. Соңғы 5 жылда ауданға 8 жас маман келіп, 1,5 млн теңгеден 5 млн теңгеге дейін жәрдемақы

4 желтоқсан күні «Аманат» партиясы депутаттық фракциясының кезекті отырысы өтіп, онда екі сұрақ қаралды. Аудан әкімі Рахат Смағұлов, аудандық мәслихаттың депутаттары қатысқан жиында «Аманат» партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжін ашып, жүргізіп отырды.



берілді, аудан әкімінің қолдауы есебінен барлығына абаттандырылған тұрғын үй бөлінді. Биыл медициналық колледждің 9 түлегі жұмысқа орналастырылды, оның 4-і ауылда еңбек етеді.

Жыл сайын аудандық аурухананың материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары жүргізілуде. Биыл бұл мақсаттарға 75 млн теңгеден астам қаржы бөлінді (12 бірлік медициналық техника), 6 бірлік электрокардиографтар, аудандық аурухананың перзентхана бөлімшесіне жаңа туған нәрестелерге арналған инкубатор, икемді эндоскоптарға арналған жуу - дезинфекциялау автоматты ретропроцессоры, соққы толқыны терапиясына арналған аппарат сатып алынды.

Қарақоға және Возышенка ауылдарында дәрігерлік амбулаториялардың құрылысы аяқталды, ағымдағы жылы ауылдық денсаулық сақтауда жаңғырту бағдарламасы бойынша 5 нысан салында: Советское және Чистовское ауылдарында 2 фельдшерлік-акушерлік пункт және Таман, Бәйтерек және Надежда ауылдарында 3 медициналық пункт. Бұл нысандар жаңа медициналық жабдықтармен енгізілетін болады.

Мәдениет саласына келетін болсақ, ауданда мәдениетті дамыту үшін соңғы жылдары Мәдениет үйлерін жөндеуге ерекше көңіл бөлінді. Ағымдағы жылдың басында Қарақоға ауылының мәдениеті үшін күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды. Сонымен қатар, был «Чистовское» ЖШС қаражаты есебінен Чистовское ауылының мәдениеті үшін жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сарытомар МУ ағымдағы жөндеуге сметалық құжаттама бар, аудандық Мәдениет үйін, Бәйтерек ауылының Мәдениет үйін және Октябрь ауылының демалыс орталығын жөндеуге сметалық құжаттама әзірлеуде.

«Ұлттық мұра» партиялық жобасы аясында мәдениет мекемелерінде 100-ден астам іс-шара өткізілді, оның ішінде ауданымыздың тумалары - Батыр Баян, Мағжан Жұмабаев, Ерік Асқаров, Василий Манзя және т. б. мерейтойлық күндерге байланысты іс-шаралар. Шілде айының басында Ұлттық домбыра күніне арналған іс-шаралар өтті. Жыл бойы мәдениет мекемелері қазақ мәдениеті мен ұлттық бірегейлігін дәріптеу бойынша ондаған түрлі форматтағы іс шаралар өткізілді.

Ауданда салауатты өмір салтын насихаттау және халықтың барлық топтарын дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде, бұған 119 спорт ғимараты ықпал етуде. Ауданда дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын халықтың жалпы саны 11200 адамды құрайды. Аудан халқының жалпы санынан дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатындардың үлесі 46% құрады, оның ішінде дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде шұғылданатын ерекше қажеттіліктері бар халықтың үлесі 16,94% құрайды.

Үшінші бағыт - Халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту болып табылады. Жол картасы шеңберінде 2024 жылға арналған тұрғын үйді іске қосу жоспары 8,5 мың шаршы метрді құрайды. Бұл көрсеткіш аудан халқының 45 пәтерлі үйін және жеке тұрғын үй құрылысын өз қаражаты есебінен пайдалануға беру есебінен қол жеткізілді. Сонымен қатар, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 4 бір пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы аяқталуда.

Аудан аумағы бойынша 709,8 км жол өтеді, оның ішінде 194 км - республикалық маңызы бар, 108 км - облыстық және 407,8 км - аудандық маңызы бар. Жазы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың

үлесі 80% құрайды. Ағымдағы жылы Республикалық маңызы бар «Сулышоқ-Возышенка», «Чистое - Қарақоға бекеті» жол учаскелері, олардың жалпы ұзындығы 56 шақырымды құрады, 4 млрд. теңгеден астам сомаға «Қарақоға-Надежда» жол учаскесі жөнделді.

Биылғы жылы Лебяжье, Ногайбай, Сулышоқ ауылдарының кіреберістері, Возышенка, Надежда, Полтавка, Бәйтерек, Жастар ауылдарының кентішілік көшелері жөндеді. Булаев қаласының Чехов көшесінде, Ұзынқөл-Возышенка, Лебяжье-Құралай жолдарының учаскелерінде жөндеу жұмыстары жалғасуда.

Ағымдағы жылы жалпы сомасы 2,7 млрд. теңгеге 45 км аудандық және кентішілік жолдарға жөндеу жүргізілді, жақсартылған жол инфрақұрылымымен 6 мыңнан астам адам тұратын 15 ауыл қамтылды. Бүгінгі таңда ауданда 61 елді мекеннің 34-і - 100%, 17 ауыл - 80%, қалған 10 ауыл - 50% жарықтандырылған. Ағымдағы жылы аудан бойынша 14 ауылда 250-ден астам кеше шамдары орнатылды. «РЖД» ААҚ желілерінен аудан әкімінің желілеріне 427 жеке тұлғаны (Полудино ауылында - 23, Ганькино станциясында - 46, Булаев қаласында - 254, Чистовское ауылында - 47, Қарақоға ауылында - 49) қайта қосу жұмыстары жүргізілді, бұл жұмыстарға 300,0 млн. теңгеден астам қаражат бөлінді.

Сумен жабдықтауға келетін болсақ, бүгінгі таңда ауданда барлық елді мекендер орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген. Был Новотроицкое және Таманское ауылдарында су тарту желілерінің құрылысы аяқталды, Октябрьское, Қарағанды ауылдарында және Булаев қаласында жалпы ұзындығы 40 км астам 420 млн. теңге сомаға жұмыстар жүргізілуде. 11 елді мекенде тартушы желілерге ағымдағы жөндеу жүргізілді, 112 млн. теңге сомасына 3,5 км жөнделді. Жүргізіліп жатқан жұмыстар жалпы саны 2,5 мың адамнан асатын 16 ауылдық елді мекендердің ауыз суының сапасын жақсартуға мүмкіндік берді.

Жол картасының маңызды бағыттарының бірі - жылумен жабдықтау желілерінің тозуын 18%-ға дейін төмендету болып табылады. Мұнда «Булаев Су» ЖШС, «Сапро-Нат» ЖШС, «Агропрофид» ЖШС қызмет көрсететін ұйымдары жылумен жабдықтау желілеріне уақтылы сервистік қызмет көрсететін атап өткізіледі.

Әлеуметтік сала объектілерінің қатты отыншына жалпы қажеттілік 16313 тоннаны құрайды, қазір көмір толық көлемде бар. Халық үшін көмірге деген қажеттілік 39000 тонна көмірді құрайды. Жалпы жылыту маусымының барысы тұрақты бақылауда.

Ауданда ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін әлеуметтік және көліктік инфрақұрылым объектілерін бейімдеу бойынша жұмыс жүргізілуде. Ағымдағы кезеңде ауданда 19 әлеуметтік инфрақұрылым нысаны бейімделді.

Ауданда жалғыз тұратын зейнеткерлерге атаулы көмектің әртүрлі түрлерін қоса отырып қарттар мен жалғызбасты зейнеткерлерді қолдау бойынша белгілі бір жұмыстар жүргізілуде. Есепті кезеңде ауданда 40-тан астам адамға көмек көрсетілді.

«Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасы аясында ата-бабаларды еске алуға

және қарт адамдарға құрмет көрсетуге арналған ондаған іс-шаралар өтті.

Төртінші бағыт - халықтың көшу көрсеткішін төмендету жөніндегі шараларды күшейту. Жұмыс күші мол аймақтардан от-басыларды көшіру бағдарламасы бойынша жұмыс жалғасуда. Ағымдағы жылы өткізіліп өмірлерден біздің ауданға 43 отбасы немесе 145 адам келді. Көшпенділік барлығы Аққайың, Мағжан, Ногайбай би және Булаев ауылдық округтеріне қоныстандырылып, жұмысқа орналастырылды.

«Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды өткізу барысында қатты-тұрмыстық қалдықтардың үйінділері жабылды, 29 рұқсат етілмеген үйінділер жойылды, 30 мыңнан астам гүл көшеттері мен 2 мыңға жуық көшет отырғызылды, ағаштар мен бағаналар ақталды, ескерткіштер мен обелисктер тиісті жағдайға келтірілді. Тұрғын үйлер мен мекемелердің іргелес аумақтарын, балалар ойын алаңдарын тазалау жұмыстары жүргізілді, 47 автобус аялдамасы сәйкестікке келтірілді, саябақтар мен скверлер тазартылды.

Құрметті кездесуге қатысушылар, Аманат депутаттық фракциясының мүшелері! Менің баяндамадан Сіздер маңызды бағыттардың негізгі бөлігі орындалғанын естідіңіз, кейбір бағыттар бойынша жұмыстар жалғасуда. Біз, өрине, Президент қойған міндеттер мен партия бағдарламасының әрбір тармағын сапалы әрі тиімді орындауымыз қажет екенін атап өткізіп келеді, - деді Рахат Смағұлов.

Содан кейін «Аманат» партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжін 2024 жылдың 9 айында атқарылған қызметі туралы есеп берді.

«Аманат» партиясы Мағжан Жұмабаев аудандық филиалында 17 бастауыш партия ұйымына біріккен 1 664 партия мүшесі тіркелген. Филиал қызметтік көліпекпен жабдықталған, жұмысқа қажетті компьютерлік және кеңсе жабдықтары бар.

Партияның Сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша Жол картасы аясында аудан бойынша барлығы 61 іс-шара жоспарланды.

Жол картасының әрбір тармағының сапалы орындалуына жауапты аудандық мәслихат депутаттары бекітілді. Партиялық алаңда, оның ішінде депутаттық фракцияда, Жол картасы бойынша жергілікті атқарушы органдар мен бекітілген депутаттардың еселері тұрақты негізде қаралады. Биылғы жылы фракцияның 5 отырысында Жол картасының орындалуы қаралды.

Партиялық бақылау комиссиясы әлеуметтік маңызы бар нысандарда партиялық бақылау бекеттерін ашты. Маусым айынан бастап құрылысы жүргізіліп жатқан нысандарға 46-ға жуық мониторинг жүргізілді.

Партиялық жобаларды жүзеге асыру аясында 185 іс-шара өткізіліп, 1,5 мыңнан астам адам қамтылды. «Кедрегіс келешек» жобасы аясында мүмкіндік шектеулі жандарға арналған нысандардың қолжетімділігі бойынша 25 мониторинг жүргізілді.

«Бақытты отбасы» және «Ардагерлерді ардақтайық» жобалар аясында 1237 адам қамтылған. «Баланы мектепке дайындаймыз» акциясы аясында 131 балаға 3,2 млн теңгеге көлемінде көмек көрсетілді. «Жер аманаты» партиялық жобасы аясында жыл басынан бері 4 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды (егістік - 1351 га, жайылым - 2649 га).

«Қарызысы қоғам» жобасы аясында 478 аудан тұрғыны қаржылық сауаттылық курстарында қатысып, оқу қорытындысы бойынша сертификат алды.

«Ауыл аманаты» жобасы бойынша 2023 жылы 185 млн.теңгеге көлемінде 19 адам несие алды.

Ағымдағы жылдың басынан бері партияның аудандық филиалының қоғамдық қабалдау бөлмесінде 268 азаматтың өтініші тіркелген. Атқарылған жұмыс нәтижесінде 143 (53%) өтініш оң шешімін тауып, 125 (47%) өтініш бойынша консультативтік көмек көрсетілді.

Бекітілген кестеге сай 177 қабалдау өтті. Азаматтардан 253 өтініш түсініп, оның 130 (51%) оң шешіліп, 123 (49%) өтініш бойынша тиісті түсініктемелер берілді.

Аудандық мәслихаттағы депутаттық фракция құрамына 9 депутаттың 8 кіреді. Жыл басынан бері фракцияның 5 отырысында 12 мәселе қаралды. Фракция мүшелерімен 24 депутаттық сауал жолданған.

Депутаттар 103 қабалдау өткізді. Қабалдау барысында 140 арыз-өтініштер түскен. Олардың 73 (52%) оң шешімін тапты, 67 сұрақ (48%) бойынша тиісті консультативтік көмек көрсетілді.

Аудандың бастауыш партия ұйымдары партиялық жобалар аясында 35 іс-шара өткізді. Жыл басынан бері 55 адам партия қатарына қабылданды, деді Төлеген Әлжанұлы.

Депутаттық фракция жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтар толық қаралған сөн, депутаттар Жол картасы мен партияның сайлауалды бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстарға оң баға берді.

БАСТЫ МАҚСАТ - МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ



Тәуелсіз Қазақстанда басты қадағалаушы орган прокуратураның алатын орны ерекше. Оның беделі мен әлеуметтік маңыздылығы еселеп өсіп келе жатқандығы жүріп өткен жолымызда айқын көрініс тапты.

Қоғамдық дамудың әртүрлі кезеңдерінде прокуратураның негізгі міндеті Конституцияда бекітілген заңдылықты сақтау және адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау болды және болып қала береді. Тәуелсіздік жылдарында құқық қорғау және сот жүйелерін реформалаудан, қазіргі заманның талаптарына жауап беретін басымдықтарды белгілеуден туындаған прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру нысандары өзгерді.

Қолданыстағы заңнаманы өзгертудегі ең маңызды оқиға, сөзсіз, «Прокуратура туралы» Конституциялық заңның қабылданып деп атауға болады, ол қадағалаудың шекараларын нақты белгілеп, прокурорлардың өкілеттіктерін кеңейтті.

Осылайша, елімізде алғаш рет прокуратура туралы заңға Конституциялық мәртебе берілді. Бұл жаңа Конституциялық заң ең алдымен прокуратура органдары қызметінің құзыреттілігін, ұйымдастырылуын және тәртібін нақты белгіледі. Бүгінгі таңдағы жаңа кезеңнің талаптарына сәйкес прокуратура қызметіндегі тәсілдер өзгергенімен, прокурордың ең бастапқы міндеті ғана емес, парызы болып табылатын мемлекет мүддесін қорғау, азаматтардың құқығы мен бостандығына қорған болу қағидалары өзгерген жоқ.

Прокуратураның негізгі басымдықтары мен бағыттары - қадағалау органының үйлестіруші рөлі оның елдің құқық қорғау жүйесінің орталық буыны және мемлекеттік биліктің маңызды элементтерінің бірі ретіндегі орнын анықтады.

Ағымдағы жылы облыс деңгейінде Солтүстік Қазақстан облысының үйлестіру кеңесінің 6 отырысы өткізілді, онда құқық бұзушылықтардың алдын алу, есірткі қылмыстары мен алаңдылықтарға қарсы іс-қимыл, халықты ауыз сумен қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Нәтижесінде тиісті ұсынымдар әзірленіп берілді, енді біз олардың орындалуын бақылауымыз.

Ал, аудан прокуратурасының бүгінгі тыныс-тіршілігіне келетін болсақ, ол да еліміздің өзге өңірлеріндегі прокуратура органдары сияқты заңның орындалуына, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге, азаматтардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғауға, мемлекеттік мүддесін мүлтіксіз сақтауға прокурорлық ықпал

өтіп, қадағалауды тиісті деңгейде жүзеге асыруда. Осылайша, аудан прокуратурасы қызметкерлерінің бүгінгі құрамы да талап үдерісін шығып, қызметтік міндеттерін адал орындауда.

Жалпы, ағымдағы жылы аудан прокуратурасы 162 бұзушылықты анықтады, оның ішінде 139-ы іс жүзінде жойылды, 18 қадағалау актісі енгізілді, ауданның 1 929 тұрғынының құқықтарын қорғалды, 715 Конституциялық тұрғынан 91 адам әртүрлі жауапкершілікке тартылды (49 тәртіптік және 42 әкімшілік). Қадағалау актілері бойынша шамамен 5 млн. теңге өндірілді. Сонымен қатар, 1,6 млн. теңге сомасына әкімшілік айыппұлдар өндірілді.

Халық пен кәсіпкерлер үшін сумен жабдықтау тарифін төмендету бойынша жүйелі жұмыс жүргізілді. Қазіргі уақытта үкілетті мемлекеттік орган тарифті төмендету және тұтынушыларға өтемақыны өтеу жөнінде шаралар қабылдауда.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мәселелері ерекше бақылауда. Ауданда кәсіпкерлер палатасы өкілінің қатысуымен мобилді топ құрылды және жұмыс істейді. Ағымдағы жылы 9 өтініш келіп түсті, олар бойынша қолданыстағы заңнама нормаларына дәлелді түсініктемелер берілді.

1991 жылдың 6 желтоқсанында Жезарғы кеңес төрағасы «Қазақ КСР прокуратура органдарының бірыңғай жүйесін құру, олардың дербестігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету туралы» қаулы қабылдады. Қазақстан Республикасы Тас Прокюрорының 2004 жылғы 25 ақпандағы бұйрығымен бұл күн «Прокуратура органдарының құрылған күні» деп белгіленді.

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау үшін облыстың прокуратура органдарында құқық қорғау және басқа да үкілетті ведомстволар өкілдерінің қатысуымен мобилді топтар құрылды. Мобилді топ балаларды сенімхат бойынша заңсыз беру фактілерін анықтады. Көрсетілген практика Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығына енгізілген өзгерістер негізінде жойылды.

Экологиялық қауіпсіздік саласында тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау үшін төлемді жалпы құнынан алып тастау жолымен коммуналдық қоқыстарды шығару бойынша тарифті төмендету бойынша жұмыс жүргізілді.

Бұл нәтижелердің артында аудан прокуратурасы қызметкерлерінің күнделікті еңбегі жатыр. Прокуратура қызметкерлерінің алдында тұрған негізгі міндет - ауданымыздың барлық салаларында азаматтардың құқықтарының кепілдіктерін оңан әрі күшейту.

Мемлекет басшысының прокуратура органдарына зор сенім артып, заңымызды конституциялық деңгейге көтеруі ел азаматтарының құқығын еділ де шынайы қорғаудың жолдарын белгілеп, іске жаңа серпін берді. Прокуратураның беделі өсіп өсе беріп, оның әлеуметтік маңызы арта түсті. Президент қойып отырған маңызды міндеттерді орындай отырып, прокуратура заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудегі мемлекеттің сенімді тірегіне айналды.

Кіе, прокуратура қызметкерлері өздерінің кәсіби шеберліктерін дәлелдеп және мамандықтарына адалдық таныта отырып, қадағалау органдарының қалыптасу шежіресін өз үлестерін қосып келді. Елдегі конституциялық тәртіп пен заңдылықты сақтауда, мемлекеттің қарқынды дамуын қамтамасыз етуде қызметкерлердің еңбегі өшпесіз.

Қорытындылай келе, барша прокуратура органдарының қызметкерлері мен ардагерлерін Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының құрылған күнімен шын жүректен құттықтаймын. Баршаңызға амандық, бейбіт аспан, келісім мен тұрақтылық, Отанымыздың өркендеуі жолында зор табыс тілеймін!

Гани ЖАЛБИ,
аудан прокуроры.

САҒ ЖӘНЕ АДАМ

ӘРБІР ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЗАҢ КӨМЕГІНЕ ЖҮГІНЕ АЛАДЫ

Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына білікті заң көмегін тегін алуға кепілдік беріледі.

Тегін заң көмегін алудың екі тәсілі бар: мемлекет тарапынан кепілдік берілген және кешенді әлеуметтік заң көмегі.

Мемлекет тарапынан кепілдік берілген және кешенді әлеуметтік көмектің басты айыршылығы - бірінші жағдайда адвокаттың жұмысы мемлекеттік бюджет есебінен төленеді, ал екіншісінде заңгерлер өз еркімен және ақысыз заңгерлік қызмет көрсетеді.

Тегін заң көмегін көрсетуге уақыт шектеулері белгіленбейді. Бұл ретте, сол мәселе бойынша азамат мемлекет кепілдік берген заң көмегін бір рет қана ала алады.

1. Мемлекет кепілдік берген заң көмегі құқықтық ақпараттандыру мен кеңес беру, сондай-ақ соттарда тұрғындардың мүдделерін қорғау мен ұсыну қызметтерін қамтиды.

Құқықтық ақпарат беру дегеніміз - заңнаманың кез-келген мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың ауызша немесе жазбаша түрде ақпарат беруі.

Ол барлық жеке және заңды тұлғаларға беріледі.

Кеңес беру азаматтардың өтініштеріне, шағымдарына ауызша және жазбаша кеңес беру қызметін қамтиды.

Бұл орайда құқықтық кеңес беру азаматтардың келесі санаттарына көрсетіледі:

- алимент, зейнетақы, жәрдемақы, оңалту, босқын немесе қандас мәртебесі мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;
- сексуалдық зорлық-зомбылық, адам саудасы, лаңкестік және өз құқықтарын

қорғауда азап тартқан құрбандарға; - асыраушысынан айрылған адамдарға; - еңбек қызметіне байланысты денсаулығына зақым келуі немесе қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бар адамдарға;

- соғыс ардагерлеріне, әскери қызметкерлерге, мүгедектерге және зейнеткер жасына байланысты, кәсіпкерлік қызметпен байланысы жоқ мәселелер бойынша;

- көп балалы отбасыларға;

- кәсіпкерлік қызметпен байланысы жоқ табысы төмен адамдарға.

Сотта өкілдік ету - соттарда, құқық қорғау органдарында, өзге де мемлекеттік мекемелерде және мемлекеттік емес ұйымдарда азаматтардың мүдделерін қорғау. Бұл ретте талапкерлер де, жауапкерлер де заңгер қызметтеріне ақы төлеуден босатылады.

Сотта азаматтардың мүдделерін қорғау әкімшілік жауапқа тартылатын адамдарға; азаматтық іс бойынша талапкерлер мен жауапкерлерге, сондай-ақ әкімшілік іс бойынша талапкерлерге; қылмыстық іс бойынша күдіктілерге, айыпталушыларға, сотталушыларға, сотталғандарға, ақталғандарға және Жәбірленушілерге көрсетіледі.

2. Азаматтарға тегін көмек көрсетудің екінші түрі - кешенді әлеуметтік құқықтық көмек. Ол клиент өтініш берген сәттен басталып, ісі бойынша түпкілікті шешімге дейін қолдау көрсетіліп, жазбаша шарт жасалады.

Алайда, мұндағы басты ерекшелік: азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде кәсіпкерлікке байланысты даулы жағдайлар бойынша кешенді әлеуметтік көмек көрсетілмейді.

Кешенді әлеуметтік көмек алушылар бірнеше топқа бөлінеді:

1. Ұлы Отан соғысының және басқа да мемлекеттердің аумағында болған соғыс ардагерлері;

- зейнеткерлер, оның ішінде қарттар үйінде тұратындар;

- қандасстар, босқандар және табысы төмен шетелдіктерді қоса алғанда атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар;

- І және II топтағы мүгедектер;

- мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар немесе мүгедектігі бар кәмелетке толған адамдардың қамқоршылары;

- арнайы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж адамдар (мысалы, зорлық-зомбылықтан зардап шеккен жетімдер, үйсіз адамдар).

Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ұқсас - әлеуметтік заң көмегі азаматтардың құқықтарын қорғау үшін құқықтық ақпараттандыруды, кеңес беру және басқа да қызметтерді қамтиды.

Әлеуметтік заң көмегін алу үшін тұрғындар адвокаттар алқасына, тұрғылықты жері бойынша заң кеңесшілері палатасына жүгіне алады. Мұнда азаматтар жеке күлгілі ме тегін көмек алу құқығын растайтын құжаттарды ұсыну қажет.

3. Азаматтар үшін маңызды құрал «Е-Заң көмегі» интернет-порталы болып табылады, бұл заң кешеніне жүгінуге мүмкіндігі жоқ тұрғындарға қатысты. «Е-Заң көмегі» Қазақстанның барлық тұрғындары үшін тегін негізде құқықтық мәселелер бойынша алғашқы заң көмегін (кеңес беру) беру қызметі.

Бұл интернет-порталдың артықшылығы оның қолжетімділігі, пайдаланудың қарапайымдылығы, кеңес алу үшін мамандандырылған заңгерді таңдау мүмкіндігі, отбасы құқығы мен тұтынушылардың құқықтарын қорғауға қатысты көптеген мәселелер бойынша

көмек алу қызметі болып табылады.

Заң көмегін алу үшін қалаға барудың немесе адвокат іздеудің қажеті жоқ, тек қана интернеттің болуы жеткілікті. «Е-Заң көмегі» интернетпен жұмыс істеудің негізгі дағдылары білетін әр азамат пайдалана алады. Бұл үшін уялы телефонға жүктелетін қосымшаны пайдалану жеткілікті.

Тегін заң көмегін алудың тағы бір жолы - интернет болмаған кезде телефон арқылы кеңес алу. Бұл көмектің саны телефон арқылы алуға болады: 1414 немесе 119. Бұл құқықтық ақпараттық қызмет бүкіл Қазақстан бойынша тегін және тәулік бойы жұмыс істейді, онда операторлар мамандандырылған заңгерлермен байланысады, сұрақтарға жауап береді және ұсыныс-кеңес береді. Көбінесе жағдайларда операторлар жергілікті мәселелерді шешуге көмектесетін мамандарға бағыттайды.

Республика тұрғындарының құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «Әділет кеңес береді», «Ашық есік күні», «Халық заңгері» науқандары өткізіледі. Аталған іс-шараларда мемлекеттік органдардың өкілдері, заңгерлер, адвокаттар азаматтарды қабылдайды және тегін заң көмегін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес әрбір азамат білікті заң көмегін алуға құқылы. Азаматтарға тегін заң көмегін көрсету тұрғындар үшін өз құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында маңызды ресурс болып табылады. Азаматтардың өз құқықтары мен қол жетімді мүмкіндіктерін білу - кез-келген заңды мәселелерді шешудің алғашқы қадамы.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Құқық түсіндіру және үйлестіру департаменті.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

ЖАРАС ҚАЛДЫРОВ - РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫСТЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ



29-30 қараша күндері Астана қаласында ҚР Оқу-ағарту министрлігі Ұлттық ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығының ұйымдастыруымен 2009-2010 жылғы туған күні жасөспірімдер арасында қазық күресінен Халықаралық Рухымжан Жетпісбаевты еске алу арнаған республикалық жарыс өтті.

Еліміздің әр облысынан келген балуандар өз салмақ дәрежелері бойынша сынға түсіп, бәсекеде өзара жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтады.

Мағжан Жұмабаев ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің оқушылары да аталмыш турнирге қатысып, бақ сынасты. Нәтижесінде жас балуан Жарас Қалдыров 42 кг салмақта 4 белдесу өткізіп, Жетісу, Жамбыл облыстарының және Астана қаласының екі балуанын жеңіп, Республикалық жарыстың чемпионы атанды. Осылайша, Жарас ауданда алғашқы болып қазық күресінен спорт шеберіне үміткер нормативін орындап, медальмен және дипломмен марапатталды.

Жаттықтырушы-оқытушы Амангелді Бөкіров пен жас балуан Жарас Қалдыровты жоғары нәтижелерімен құттықтап, алдағы жарыстарда да тек жеңіс тілейміз!

Ермек ИСМАҒҰЛОВ,
Мағжан Жұмабаев ауданының
балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің
басшысы.



ДОҮБЫ ЖАРЫСЫНДА БАҚ СЫНАСТЫ

Өткен жұма күні Булаев қаласының кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері қызметкерлерінің арасында дәстүрлі спартакиада басталды. Салауатты өмір салтын ұстануды, қала ұйымдары мен мекемелері қызметкерлерінің дене шынықтырумен және спортпен айналысуға тартуды мақсат тұтқан спартакиада 27 желтоқсанау дейін жалғасады. Жарыстар әр аптаның жұма күндері дойбы, тоғызқұмалақ, үстел теннисі, волейбол және футбол бойынша өтеді.

29 қараша күні Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектепте дойбы бойынша алғашқы жарыс болып өтті. Бұл тартысқа толы жарыста аудандық аурухананың командасы жеңімпаз атанып, алтыннан алқа тағынды. Ал балалар-жасөспірімдер спорт мектебі мен дене шынықтыру және спорт бөлімінің бірлескен командасы күміс жүлдеге ие болса, ҚР ҰҚК ШҚ СҚО бойынша департаментінің «Мағжан» шекара бөлімінің командасы қола медальды жеңіп алды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер командаларын жақсы нәтижелерімен құттықтап, алдағы жарыстарда сәттілік тілеймін.

Еске салар болсақ, спартакиада аясында келесі жарыс тоғызқұмалақ бойынша Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектепте өтетін болады.

Қанат МҰСАТАЕВ,
аудандық дене шынықтыру және спорт
бөлімінің басшысы.

«ЖАСТАР» ОБЛЫСТЫҚ СПАРТАКИАДАСЫ

ҰЛДАР - КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР АТАНСА, ҚЫЗДАР - ҚОЛА МЕДАЛЬДІ ЕНШІЛЕДІ



Өткен демалыс күндері біздің спортшылар үшін нәтижелі болды. Мәселен, Қызылжар ауданы Бескөл ауылында «Жастар» облыстық спартакиадасы аясында ұлдар мен қыздар арасында өткен стритбол бойынша жарыста ұлдар мен қыздар командалары жүлдегер атанды.

Аталмыш жарыста ауданымыздың намысын жаттықтырушы А.Н. Локин баптайтын құрамында Кристина Юрченко, Алиса Харламова, Аделия Нұрғалиева, Айлана Сарғизова сынды Булаев мектеп-балабақша кешенінің қыздар командасы қорғады.

Ал ұлдар командасының құрамында Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының оқушылары Евгений Черкашин, Иван Хлоповский, Артем Панкратьев (жаттықтырушы - А.Б. Мақенов) және Полудин орта мектебінің оқушысы Александр Байтобетов (жаттықтырушы - А.Б. Ергашев).

Ұлдар командасы топтық кезеңде Шал ақын, Тайынша және Қызылжар аудандарының командаларын сенімді

жеңіп, финалда Петропавл қаласының командасына ғана есе жіберді. Нәтижесінде мағжандық баскетболшылар күміс жүлдені иеленді.

Ал қыздар командасы топтық кезеңде екінші орын алып, үшінші орын үшін ойында Мамлют ауданының командасын жеңді. Осылайша, олар облыстық спартакиаданың қола жүлдегері атанды.

Мағжандық спортшыларды қол жеткізген нәтижелерімен құттықтап, алдағы жарыстарда да жеңіс пен сәттілік тілейміз.

Аслан АРЕНОВ,
Мағжан Жұмабаев ауданы
білім бөлімінің әдіскері.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ БАЙҚАУ

ҚАРАҚОҒАЛЫҚ ЖАС БИШІЛЕР ЛАУРЕАТ АТАНДЫ



30 қараша күні Петропавл қаласында «Бәріміз бірге билейміз» атты Халықаралық хореографиялық байқауы болып өтті.

Көптеген биі ұжымдары қатысқан сайыста «Легион Қарақоға Джуниор» би ұжымы (үлкен топ) 1-ші дәрежелі лауреат атанса, сондай-ақ «Легион Қарақоға қидс» би тобы (кіші топ) 2-ші дәрежелі лауреат атанды. Бұл топтардың көркемдік жетекшісі Бекет Құдайбергенов. Барлық қатысушылар дипломдармен, медальдармен және кубокпен марапатталды. Балаларымызды марапаттарымен құттықтаймыз және оларға шығармашылық табыс пен жаңа жеңістер тілейміз.

Жұлыя СӨРСЕНБАЕВА,
Қарақоға ауылдық
Мәдениет үйінің директоры.



ЕТКЕН ЕҢБЕКТІҢ, ТӨККЕН ТЕРДІҢ ЖЕМІСІ

Ауыл шаруашылығы – азаматтарымыздың өмір сапасына тікелей әсер ететін экономиканың басты салаларының бірі. Ауыл еңбеккерлерінің тынымсыз, тіршілікке қажетті еңбектерінің арқасында қазір отандық аграрлық сектор нық дамып келеді. Бар өмірін туган жерге арнап жүрген ауыл шаруашылығының қызметкерлері бүгін табысты еңбек етіп, төккен тердің жемісін көруде. Орақ науқанын сәтті аяқтап, мол өнім жинаған мағжандық диқандар кәсіби мереке – ауыл шаруашылығы, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің күнін атап өтті.

Салтанатты іс-шара аудандық Мәдениет үйінде өтіп, оған аудан әкімі Рахат Смағұлов қатысты. Алдымен дәлізде қанат жайған көрмені тамашалаған аудан басшысы атақты Джон Дир компаниясының Қазақстанда шығаратын ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының үлгісімен танысып, ауданда шығарылатын нан және ұн, сиыр және ешкі сүті сияқты тамақ және қайта өңдеу өнеркәсіптерінің өнімдері мен тұқым саласының жетістіктерін байқады.

Содан кейін салтанатты шараны ашқан аудан әкімі Рахат Смағұлов мағжандық ауыл еңбеккерлерін төл мерекелерімен құттықтап, ізгі тілегін арнады.

Мемлекет басшысы Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумының ашылуымен құттықтау сөзінде: «Еңбегіне қарай өнбегі» деген сөз бар. Мұны ең алдымен, ауыл халқының ерен еңбегінің жемісі деуге болады. Мемлекет тарапынан да тиісті жұмыс жүргізілді, қажетті көмек берілді. Қазір елімізде жаңа экономикалық бағдар аясында нақты шаралар қолға алынып жатыр», - деп атап көрсетті.

Биылғы жыл біз үшін сынақтарға толы болды. Табиғаттың тосын мінезі – көктемгі су тасқыны мен жыл бойы күрделі жағдайларға қарамастан, сіздердің тынымсыз еңбектеріңіз бен табандылықтарыңыздың арқасында біз қиындықтарды өңсере білдік. Жылдың соңын жақсы нәтижелермен аяқтап, ел игілігіне қызмет етуді жалғастырып келеміз. Бұл – сіздердің ерқайсыларыңыздың қажырлы еңбегіңіздің жемісі.

Ауыл шаруашылығы – еліміздің экономикасының негізі, халқымыздың азық-түлік қауіпсіздігінің көпірі. Сіздер күнделікті еңбектеріңіз арқылы ауылдың дамуына, елдің гүлденуіне зор үлес қосып келесіздер. Егістік алқаптарында еңбек еткен механизаторлардан бастап, мал шаруашылығындағы кәсіби шеберлерге, өңдеу өнеркәсібіндегі технологтарға дейін – баршаңыздың адал еңбектеріңіз үшін шексіз алғыс айтамын.

Бүгінде ауданымызда ауыл шаруашылығы саласын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Мемлекет басшысының қолдауымен жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар аясында жаңа технологиялар енгізіліп, өндіріс көлемі ұлғайып келеді. Бұл жетістіктер – сіздердің істеріңізге деген адалдық пен жауапкершіліктің айқын дәлелі.

Жалпы, диқандарың өнімділігі гектарына 21,1 центнер болатын 702 мың тонна астық жинады, бұл соңғы 10 жылдағы ең жақсы нәтиже. Бұл жетістік заманауи агротехнологиялардың, тұқымдар мен тыңайтқыштардың сапасын жақсартудың, мемлекет тарапынан тиімді қолдаудың арқасында мүмкін болды. Ал «СК АГРО 2050» ЖШС, «Ноғайбай» ЖШС, «Писаревское АГРО» ЖШС «Әлжан Жуан» ЖШС сияқты шаруашылықтар гектарына 40 центнерге дейін өнімділікке қол жеткізді.

Ағымдағы жылы 18,8 мың тонна минералды тыңайтқыштар енгізілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 5,0 мың тоннаға артық (216 мың гектарға 13,8 мың тонна). Егін жинау науқанына 785 бірлік астық жинайтын комбайн, оның ішінде 346 бірлік жоғары өнімді техника қатысты. Жыл басынан бері жалпы сомасы 6,5 млрд. теңгеге 293 бірлік жаңа техника мен жабдық және 158 бірлік басқа құрал-саймандар сатып алынды. Мұның бәрі фермерлерге ауыл шаруашылық жұмыстарын оңтайлы мерзімде және ең аз шығынмен жүргізуге мүмкіндік берді.

Бүгінгі таңда біздің ауданда сүт кешендерін салу бойынша инвестициялық жобалар табысты іске асырылуда. Жұмыс істеп тұрған 3 кәсіпорынды кеңейтуі жалғасуда («НурСен АГРО» ЖШС, «Полудиско», «Ноғайбай»). Ағымдағы жылы 10 000 басқа дейін ұлғайту перспективасымен 3600 басқа арналған ірі СТФ құрылысы басталды.

Бүгінде сиыр сүтін қайта өңдеу бойынша «Пальчик» ЖК, ешкі сүтін қайта өңдеу бойынша «Тамаша 2050» ЖШС, қара бидай ұнын өндіру бойынша «Фискель» ШҚ ұн тарту цехы, «Кухаренко» ЖК нан-тоқаш, макарон және ұн кондитерлік өнімдерін өндіру цехы, «Фискель» ШҚ ет өнімдерін өндіру цехы, «Александровское» ЖШС



және «Чистовское» ЖШС өсімдік майын өндіру цехы сияқты кәсіпорындардың сапалы өнімдері жергілікті нарықта лайықты орын алып отыр. Ал ара шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша аймақтағы ең табыс компаниялардың бірі – «Пилипушко отбасының омартасы» деп атауға болады. Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2025 жылды Жұмыссыз мамандықтар жылы деп жариялады! Аудан аумағында 11 жылға жуық кәсіби дайындық және қызмет көрсету колледжі жұмыс істейді. Осы аралықта колледжі 600-ге жуық (алты жүз) жұмыссыз кадрларды дайындап шығарды, олардың негізгі бөлігі біздің ауданда жұмыс істейді. Оқу орны бүгінгі күннің білім беру қажеттіліктеріне жауап береді және Солтүстік Қазақстан облысындағы үздіктердің бірі болып табылады.

Құрметті мағжандық диқандар! Сіздердің еңбектеріңіз біздің аудан халқының ел ауқатының көпірі. Осы мерейлі мереке күні сіздерге дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, береке тілеймін. Ел игілігі жолындағы ерен еңбектеріңіз ерқашан бағаланып, табысқа жеткізе берсін, - деді Рахат Назымбекұлы.

Мереке күні сахна төріне алғашқы болып ауданның құрметті азаматы, бар саналы жұмырын ауданның дамуына арнаған ауыл шаруашылығы саласының майталманы Болат Қазанов шақырылып, жергілікті өкілді органдардың нығаюына қосқан елеулі үлесі мен бәсеңді депутаттық қызметі үшін және Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығына орай Сенат Парламентінің грамотасымен марапатталды. Ал «Алтын Астық» ЖШС механизаторы Марат Әділовке «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» тесбелісі табыс етілді.

Ауыл шаруашылығы саласын дамытуға қосқан үлесі үшін «Еламан» ШҚ меха-

низаторы Артур Гольянов пен «ЖНВ» ЖШС бас агрономы Александр Лауденштейгер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құрмет грамотасына ие болды.

Кәсіптік даярлық және қызмет көрсету колледжінің директоры Ермек Бөкіровка КР Еңбек және өлеуметтік қорғау министрлігінің «Өлеуметтік-еңбек саласының үздігі» тесбелісі табыстылды. «Алтын астық» ЖШС директорының шаруашылық бөлімі жөніндегі орынбасары Сайран Серікпаев, «Возвышенское» ШҚ механизаторы Виктор Бугаев, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің мал шаруашылығы жөніндегі бас маманы Дәуіт Сүлейменов салалық кәсіподақтың «Елеулі еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

«Чистовский» ЖШС механизаторы Сергей Безбородов, «АКСА-Север» ЖШС егін шаруашылығы бригадирі Виктор Мальнев, «Новотроицкое» ЖШС тоқари Максим Семин, «СК АГРО 2050» ЖШС машина паркінің меңгерушісі Михаил Чубаров салалық кәсіподақтың ІІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» тесбелісі иеленді.

Көп жылғы адал еңбегі үшін, өңірдің агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін және қайта өңдеу өнеркәсібі Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күнін мерекелеуге байланысты ондаған мағжандық еңбеккерлер облыс өкімінің және аудан өкімінің Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталды.

Сондай-ақ бүл күні Мағжан Жұмабаев ауданының кәсіптік даярлау және сервистік колледжінің түлегі, ал қазір осы колледждің өндірістік оқыту шебері болып еңбек ететін, былғы «World Skills» республикалық кәсіби шеберлік чемпионатында (Орта арнаулы оқу орындары мен түлектер арасында

жұмысшы кәсіптері бойынша республика чемпионаты) «Дөңкерлеу технологиясы» номинациясында алтын медаль жеңіп алып, абсолютті чемпион атанған Вадим Витковских пен оның оқушысы Радион Царегородицке құрмет көрсетіліп, сыйсияпат жасалды.

Сонымен бірге, бүл күні номинациялар бойынша үздіктер анықталып, марапатқа ие болды. «СК АГРО 2050» бас агрономы Хафиз Аманов «Үздік агроном» атанса, «Жетысу Жер» комбайнері Александр Канниг «Үздік комбайнер» атағын иеленді. «ЖНВ АГРО» ЖШС бас инженері Юрий Новиков «Үздік инженер» аталымында жеңімпаз атанды, ал «Писаревское АГРО» ЖШС механизаторы Асылбек Малғаждаров «Үздік механизатор» номинациясын жеңіп алды.

«Ноғайбай» ЖШС жүргізушісі Иван Ельцов «Үздік жүргізушісі» деп танылса, «Үздік мал дәрігері» номинациясында Лебяжье ауылдық округіндегі ветеринариялық пунктіннің мал дәрігері Ағабек Талғат жеңіске жетті.

«Үздік сауыншы» аталымында «Қызылжар МТС АГРО» ЖШС машинамен сауу операторы Аксана Кривошеева жеңімпаз атанса, «Үздік мал өсіруші» номинациясында «Нур Сен АГРО» ЖШС жануарларды күту бойынша оператор Сергей Черных үздік деп танылды.

Марапаттау рәсімінен кейін мереке аудандық Мәдениет үйінің көркем-өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламамен ұласып, ауыл еңбеккерлерінің құрметіне ТМД мен жақын шетелге танымал өнерпаздар - «Тристар» тобының талантты өртістері Рақым, Сағадат және Никита өнер көрсетті.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

САЛЫМШЫЛАР НАЗАРЫНА!

«БЖЗҚ ТУРАЛЫ ӨЗЕКТІ САУАЛДАР»



1) 2025 жылы зейнет жасына қатысты өзгеріс болады ма?

2025 жылы зейнет жасы ерлер үшін де, әйелдер үшін де өзгермейді. Ерлер зейнетке 63 жаста, әйелдер 61 жаста шығады.

2028 жылға дейін әйелдердің зейнет жасы осы деңгейде сақталады, содан кейін зейнетақы реформасы аясында біртіндеп көтеріле бастайды.

2028 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61,5 жас;

2029 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62 жас;

2030 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62,5 жас.

2031 жылдан бастап әйелдер үшін зейнет жасының ең жоғары деңгейі - 63 жас болады.

2025 жылы 1962 жылы туған ер азаматтар мен 1964 жылғы әйелдер зейнетке шығады.

2) Егер Қырғызстан немесе Ресей азаматы Қазақстанда жұмыс істесе, ол зейнетақы ала ма?

Қазақстанда жұмыс істеген жылдары үшін зейнетақыны Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) мүше елдердің азаматтары ала алады. Бұл ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбекшілерінің

зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімін арқасында мүмкін болды. Оны 2021 жылы барлық қатысушы мемлекет ратификациялаған болатын. Бұл құжатқа сәйкес, өзге елдегі еңбек өтілі үшін зейнетақы төлемдерін алуға рұқсат етіледі. Яғни, егер ЕАЭО-ға кіретін елдің азаматы Қазақстанда жұмысқа орналса, онда зейнетке шыққаннан кейін ол біздің республикамызда еңбек еткен уақытындағы жинағы есебінен зейнетақы төлемдерін рәсімдей алады. ЕАЭО-ға кіретін мемлекеттерде жұмыс істейтін Қазақстан азаматтарына да осындай жағдай жасалуда: олар осы елдерде жұмыс істеген жылдары үшін сол елдің азаматтарымен тең дәрежеде зейнетақы алатын болады.

Басқа мемлекетте еңбек еткен кезіңіңіз үшін зейнетақы алудың басты шарты - ресми жұмысқа орналасу. Зейнетақыны рәсімдеу кезінде Қазақстандағы 1998 жылдан кейінгі жұмыс өтілін БЖЗҚ-да, ал оған дейінгі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау комитетінде растауға болады.

3) Зиянды өндірістерде жұмыс істеген азаматтарға берілетін арнаулы әлеуметтік төлем туралы ақпарат алуға болады ма?

Зиянды өндірістерде ұзақ уақыт жұмыс істеген азаматтарға берілетін арнаулы әлеуметтік төлем 2024 жылдың басында енгізілді. Ол төрт көзден: республикалық бюджет, өмірді сақтандыру компаниялары, жұмыс берушілердің қаражаты есебінен; сондай-ақ, БЖЗҚ-дағы міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ)

және міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен төленеді. Оны тағайындау үшін қызметкерге кемінде 84 күнтізбелік ай мерзімі бойына МКЗЖ төленуі керек, сондай-ақ, ол жұмыстан шығуға немесе денсаулыққа зиянсыз қызметке ауысуға міндетті. Төлем қызметкер 55 жасқа толғаннан кейін ғана тағайындалады. Егер қызметкер барлық талаптарға сай болса, онда оған барлық төрт көзден толық төлем жасалады.

Егер қазақстандық азамат зиянды өндірісте бұрын жұмыс істеген болса, онда арнаулы әлеуметтік төлемді рәсімдей алады. Төлем жасауға қойылатын талаптар да дәл осындай, бірақ төлем төрт көзден емес, тек екі көзден: «БЖЗҚ» АҚ және республикалық бюджеттен берілетін болады. Оны рәсімдеу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (ХҚКО) жүгінуге қажет.

4) Балалардың «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасына қосылуы туралы ақпаратты қалай тексере аламыз?

«Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасы шеңберінде баланың нысаналы талаптарға қатысушылар тізіміне енгізілгендігі туралы ақпаратты көмекке толмаған тұлғаның ата-аналары немесе басқа да заңды өкілдері kids.enpf.kz сайтынан баланың ЖСН бойынша тексере алады. Онда бағдарламаның шарттарымен танысып, нұсқаулықтар, қызықтырған сұрақтарыңызға жауаптар алуға болады.

Сондай-ақ, ата-аналар әрбір балаға есептелген қаржы туралы деректерді

egov.kz порталындағы жеке кабинетінен тексере алады.

2024 жылы 18 жасқа толатын қазақстандықтар нысаналы жинақтау шоттарына (НЖШ) түскен қаражатты БЖЗҚ интернет-ресурсындағы жеке «электрондық үкіметтің» веб-порталындағы жеке кабинет арқылы дербес тексере алады.

5) Егер балаға «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасы шеңберінде нысаналы талаптар немесе нысаналы жинақтар есептелмесе, не істеу керек?

Егер отандастарымыз баласына «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасы шеңберінде қаражат есептелмегенін анықтаса, оның туу туралы куәлігінің немесе жеке куәлігінің болуын, баланың жеке деректерінің дұрыстығын, сондай-ақ, олардың «Электрондық үкімет» порталындағы жеке кабинетінде тіркелгенін тексеру қажет. Құжаттар болмаған жағдайда тұрғылықты жері бойынша ХҚКО-ға жүгінуге қажет. Егер баланың азаматтығы болмаса, анықталмаса немесе дұрыс көрсетілмесе, онда тұрғылықты жері бойынша көші-қон қызметіне жүгінуге керек. Қателер түзетілгеннен кейін Ұлттық қордан нысаналы талаптар немесе нысаналы жинақтар және оларға есептелген инвестициялық кіріс өткізіп алған кезеңді ескере отырып, келесі жылы толық есептелетін болады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз қызметі.

ЗАҢ ЖӘНЕ САУДА

«ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАРДЫ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМА ШЕҢБЕРІНДЕ ІСКЕ АСЫРУ»



«Бағалы металдар мен асыл тастар туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 444-V Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

аумағында өкелінетін және өкелілетін зергерлік бұйымдардың сәйкестігі мен сапасын, оның ішінде асыл тастарды сәйкестендіруді және бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарда бағалы металдарды сынамаулауды, сынамалық таңбалар бедерлерінің түпнұсқалығын тексеруді тексеретін сынамалық палаталар аккредиттелген:

- «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ (Астана қ., Алматы қ.), 8-775-030-11-11, 8 (717 2) 69-53-55 (ш.1103), naceks@naceks.kz, уәкілетті ұйымның коды «1»;

- «Бағалы металдар мен асыл тастарды тәуелсіз сараптау орталығы сынақ зертханасы» ЖШС (Алматы қ.), 8-771-734-44-24, 8 (727 2) 72-60-83, r.inspekciya@mail.ru, уәкілетті ұйымның коды «2»;

- «Standard» сынақ бағалау палатасы (Шымкент қ.), 8-700-000-00-06, 8-701-797-30-54, 8 (725 2) 77-76-66, std.kz@inbox.ru, уәкілетті ұйымның коды «3»;

- «BARS» сынақ бағалау палатасы (Шымкент қ.), 8-700-078-88-06, il.probiuapalata@mail.ru, уәкілетті ұйымның коды «4»;

- «ALMAZ» сынақ Палатасы (Алматы қ.), 8-771-617-87-70, Egulmirau@mail.ru, уәкілетті ұйымның коды «5»;

- Сынақ қадағалау инспекциясы (Алматы қ.), 8-702-298-18-58, insprobirpalata@mail.ru, уәкілетті ұйымның коды «6».

Зергерлік және басқа да бұйымдар уәкілетті ұйымдардың коды бар Қазақстанның «KZ» Халықаралық аббревиатурасының «Барс басы» символы бейнеленген Қазақстан Республикасының Бірыңғай сынама таңбасымен таңбаланады.

Әрбір бұйымда мемлекеттік және орыс тілдерінде немесе Таспырс берушінің тілінде деректемелері бар пломбалаған жаңсырма болуы тиіс. Таңбалау деректемелері анық болуы тиіс. Таңбалау деректемелеріндегі түзетулерге жол берілмейді. Егер өнімнің дизайны оған алынбайтын затбелгінің бекітуге мүмкіндік бермесе, онда затбелгі өніммен бірге жеке қаптамаға салынады.

Зергерлік бұйымдарға кепілдік мерзімі, егер жеткізу шартында немесе сатып алу-сату шартында өзгеше мерзім көзделмесе, бұйымның пломбасы мен

бірқасы бұлінбеген, сақтау және тасымалдау қағидалары, сондай-ақ пайдалану жөніндегі нұсқаулар сақталған жағдайда, бұйымды сатып алушыға сатқан күннен бастап 6 айды құрайды.

Бағалы және жартылай бағалы металдар мен тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды сату жүргізілетін сауда қызметінің объектілері тиісті типтегі және дәлдік сыншыларындағы салмақ аспаптарымен жарықтандырылады. Бағалы және жартылай бағалы металдар мен тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды сату кезінде техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті органның уақтылы тексеру туралы куәлігі бар таразылар мен теңгерімдер пайдаланылады.

Сатып алушының талабы бойынша оның қатысуымен салмағы 0,01 грамнан аспайтын анықтау қателігі бар таразыларда салмағы 1 килограмға дейінгі және анықтау қателігі 0,1 грамнан аспайтын таразыларда салмағы 1 килограмнан 10 килограмға дейінгі жапсырмасыз сатып алынған бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымды өлшеу жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу жөніндегі заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 190-1-бабында әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Толық ақпаратты «Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ-нен алуға болады. Біздің мекен-жайымыз: Петропавл қ., Ульянов к-сі, 56. Тел.: 8 (715 2) 52-74-97, e-mail: gosnadzor_sko@mail.ru.

Екатерина ПАРШИНА,
ҚР СИМ техникалық реттеу және метрология Комитетінің СҚО бойынша департаментінің бас маманы – СҚО мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

EGOV MOBILE ПАЙДАЛАНУШЫЛАРЫ SMARTФОННАН АВТОКӨЛІК ТАРИХІН ТЕКСЕРЕ АЛАДЫ



Бұрын автокөлік тарихын тексеру қызметі электрондық үкімет порталында қолжетімді болды. Енді eGov Mobile мобильді қосымшасының пайдаланушылары көлік құралының иелену тарихы туралы ақпаратты смартфондарынан бірнеше қадам арқылы тікелей ала алады. Бұл ақпарат алу процесін айтарлықтай жылдамдатып, автокөлік сатып алу кезінде тәуекелдерді азайтуға көмектеседі.

Сервис көлік құралының ҚР аумағында алғашқы тіркелген күні, кепіл немесе ауырталықтың болуы, сондай-ақ алдыңғы иелерінің жалпы саны сияқты көлік құралы туралы толық ақпаратты тексеруге мүмкіндік береді. Бұл ретте алдыңғы иелердің жеке деректері күпия болып қалады.

Қызметті пайдалану үшін қосымшада автокөліктің мемлекеттік нөмірі мен техникалық паспорт нөмірін енгізу жеткілікті. Осыдан кейін пайдаланушыға көліктің толық мәліметтері, соның ішінде маркасы, шығарылған жылы, қозғалтқышының көлемі, шаңартқы түсі және қосымша жабықтардың болуы ұсынылады.

Сервисті пайдалану үшін пайдаланушыға: - eGov Mobile мобильді қосымшасында авторизациядан өтіп, «Қызметтер» - «Жүргізу және көлік» - «Автокөлікті иелену тарихы» бөліміне өту;

- автокөліктің мемлекеттік нөмірі мен көлік құралын тіркеу туралы куәліктің нөмірін көрсету;

- «Іздеу» батырмасын басу;

- көлік құралы туралы толық деректі алу қажет.

Сервис ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Ішкі Істер министрлігінің бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды.

Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА,
«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.



Дүйсенбі, 9 желтоқсан	Сейсенбі, 10 желтоқсан	Сәрсенбі, 11 желтоқсан	Бейсенбі, 12 желтоқсан	Жұма, 13 желтоқсан	Сенбі, 14 желтоқсан	Жексенбі, 15 желтоқсан
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 04.05 «ПЕЖУ-МАРЖАН». 07.00 TANSHOLPAN. 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.10, 02.35 «ТАТУ-ТӨТТІ», 13.20, 03.40 АТАМЕКЕН. 14.10 АПТА. 15.00 Т/Х «КАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «1001 ТҮН». 01.35 САНА. 04.45 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.10, 04.05 «ТАТУ-ТӨТТІ», 13.20, 05.10 АТАМЕКЕН. 14.10 АҚОРЛА. 14.25, 03.45 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 15.00, 21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 16.00 Т/Х «КАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 20.30, 03.25 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «1001 ТҮН». 00.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.20 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.10, 04.10 «ТАТУ-ТӨТТІ», 13.20, 05.15 АТАМЕКЕН. 14.10, 03.00 ҚОС ПАЛАТА. 14.35 АҚСАУЫТ. 15.00, 21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 16.00 Т/Х «КАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 20.30, 03.25 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «1001 ТҮН». 00.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.10, 03.55 «ТАТУ-ТӨТТІ», 13.20, 05.00 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 14.10 БІРЕГЕЙ. 15.05, 21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 16.00 Т/Х «КАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 20.30, 03.55 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА. 00.05 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 01.25 САНА. 04.20 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.45 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.30 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.10, 02.25 «ТАТУ-ТӨТТІ», 13.20 КУТПЕНГЕН ҚУБЫЛЫС. 14.10, 03.55 ҮНСІЗ ӘЛЕМ. 14.35, 03.30 АТАМЕКЕН. 15.05 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 16.00 Т/Х «КАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 20.30, 00.35 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА. 00.05 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 01.25 САНА. 04.20 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.00 АУЫЛДАСТАР. 06.30, 17.00, 00.50 АҚПАРАТ. 07.00, 02.40 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 07.50 КӨНІЛ ТӨЛҚЫНЫ. 09.00, 01.50 ТЕЛЕДӨРГЕР. 10.00 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.00 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚЫНДАР АЙТЫСЫ. 14.30 «НАБАТ ОПЕРАЦИЯСЫ» Х/ф. 16.30 ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРОГРЕСС. 17.20, 01.10 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 01.30 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 20.00 ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҮП. 21.55 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 22.50 «КӨШПЕНДІЛЕР» Х/ф. 03.30 АТАМЕКЕН.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.10 ЖӘДІГЕР. 06.25, 04.30 «АУЫЛДАСТАР». 06.55 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 07.45 КӨНІЛ ТӨЛҚЫНЫ. 09.00 М/ф. 10.00 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.00 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚЫНДАР АЙТЫСЫ. 14.40, 02.10 АТАМЕКЕН. 15.15 КОНЦЕРТ. 17.20, 02.40 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 20.00, 01.05 АПТА. 20.50, 01.55 АҚОРЛА. 21.00 КӨНІЛ ТӨЛҚЫНЫ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «НАБАТ ОПЕРАЦИЯСЫ» Х/ф. 03.10 «КУМИС КӨМЕЙ». 03.50 АҚСАУЫТ.

Дүйсенбі, 9 желтоқсан	Сейсенбі, 10 желтоқсан	Сәрсенбі, 11 желтоқсан	Бейсенбі, 12 желтоқсан	Жұма, 13 желтоқсан	Сенбі, 14 желтоқсан	Жексенбі, 15 желтоқсан
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 14.00, 21.45 Т/Х «НЕСІБЕЛІ НЕСІЕ». 15.00 Т/Х «МӨДЕННИЕТ ҮЙ». 15.30 ТАМАША. 16.00 Т/С «ЧУЖИЕ РОДНЫЕ». 18.00 PRESIDENT. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ӘЛЕУМЕТ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 22.45 Т/Х «ҰРЛАУДАН БАСКА АМАЛ ЖОҚ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00, 16.00 Т/С «ЧУЖИЕ РОДНЫЕ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 14.00, 21.45 Т/Х «НЕСІБЕЛІ НЕСІЕ». 15.00 Т/Х «МӨДЕННИЕТ ҮЙ». 15.30 ТАМАША. 18.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 22.45 Т/Х «ҰРЛАУДАН БАСКА АМАЛ ЖОҚ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00, 16.00 Т/С «ЧУЖИЕ РОДНЫЕ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 14.00, 21.45 Т/С «НЕСІБЕЛІ НЕСІЕ». 15.00 Т/Х «МӨДЕННИЕТ ҮЙ». 15.30 ТАМАША. 18.00 КӨЗҚАРАС. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ТАЛҚЫ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 22.45 Т/Х «ҰРЛАУДАН БАСКА АМАЛ ЖОҚ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00, 16.00 Т/С «ЧУЖИЕ РОДНЫЕ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 14.00, 21.45 Т/С «НЕСІБЕЛІ НЕСІЕ». 15.00 Т/Х «МӨДЕННИЕТ ҮЙ». 15.30 ТАМАША. 18.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 22.45 Т/Х «ҰРЛАУДАН БАСКА АМАЛ ЖОҚ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00, 16.00 Т/С «ЧУЖИЕ РОДНЫЕ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 14.00, 21.45 Т/С «НЕСІБЕЛІ НЕСІЕ». 15.00 Т/Х «МӨДЕННИЕТ ҮЙ». 15.30 ТАМАША. 18.00 КӨЗҚАРАС. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ТАЛҚЫ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 22.45 Т/Х «ҰРЛАУДАН БАСКА АМАЛ ЖОҚ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «МӘРТЕБЕЛІ ӨНЕР». 06.30 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.30 КОНЦЕРТ. 08.30 ӨЗ ЕЛІМ. 09.05 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 09.35 НЕОСЕТЬ. 10.00 М/ф. 11.30 М/ф «ПАНДА И КИВИ». 12.00, 21.45 «ИНОСТРАНЕЦ» Х/ф. 14.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 15.30 «КЕЛИНКА ТОЖЕ ЧЕЛОВЕК» Х/ф. 17.00 ТАМАША. 17.45 АСЫЛ ДОМБЫРА. 19.00 COVER SHOW. 21.00 7 КҮН. 23.45 ОЙНАҒУ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МӘРТЕБЕЛІ ӨНЕР. 06.30 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.30 КОНЦЕРТ. 08.30 ЖЕРҮЙІК. 09.00 Д/ф. 09.40 М/ф. 11.00 М/ф «МИШКИ-ОБНИМАШКИ». 12.00, 21.45 «КОЛОМБИАНА» Х/ф. 14.00 COVER SHOW. 16.00 «КЕЛИНКА ТОЖЕ ЧЕЛОВЕК-2» Х/ф. 17.45 ТАМАША. 18.30 ОЙНАҒУ. 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 23.45 АЛҒАШҚЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 9 желтоқсан	Сейсенбі, 10 желтоқсан	Сәрсенбі, 11 желтоқсан	Бейсенбі, 12 желтоқсан	Жұма, 13 желтоқсан	Сенбі, 14 желтоқсан	Жексенбі, 15 желтоқсан
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ». 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 13.00 Т/С «НЕ РАСКРЫТЫЙ ТАЛАНТ». 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИХАЧ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «СВЕТ И ТЕНЬ». 03.45 P@УТИНА. 04.30 ҮШҚАЛАҚ.	06.00 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ». 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 13.00 Т/С «НЕ РАСКРЫТЫЙ ТАЛАНТ». 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИХАЧ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «СВЕТ И ТЕНЬ». 03.45 P@УТИНА. 04.30 ҮШҚАЛАҚ.	06.00 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ». 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 13.00 Т/С «НЕ РАСКРЫТЫЙ ТАЛАНТ». 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИХАЧ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «СВЕТ И ТЕНЬ». 03.45 P@УТИНА. 04.30 ҮШҚАЛАҚ.	06.00 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ». 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 13.00 Т/С «НЕ РАСКРЫТЫЙ ТАЛАНТ». 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИХАЧ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «СВЕТ И ТЕНЬ». 03.45 P@УТИНА. 04.30 ҮШҚАЛАҚ.	06.00 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ». 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 Т/С «ДВЕРЬ В ПРОШЛОЕ». 14.00, 02.25 НОВОСТИ. 14.15, 02.40 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/С «ЛИХАЧ». 02.50 Т/Х «СВЕТ И ТЕНЬ». 04.00 P@УТИНА.	06.00 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ». 09.00 ҚАЙМАҚ. 09.35 Д/ф. 10.15 ПОЕХАЛИ! 11.05 «ДОРОГА В ПУСТОТУ», Х/ф. 17.40 БОЛЬШАЯ РАЗНИЦА. 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 20.00, 02.35 АСАУ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАМЕН ЕЛ. 21.00 Т/С «РЕЦЕПТ ЛЮБВИ». 01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.00 Т/Х «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА». 03.00 P@УТИНА.	06.00 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ». 08.15 ЗАМЕН ЕЛ. 08.45 ВОСКРЕСЕНЬЕ БЕСЕДЫ. 09.00 «ЖИВИ, ТРУДИСЬ ЛЮБИ...», Д/ф. 09.25 «КАЛАЧИ», Х/ф. 11.15 «ДОРОГА В ПУСТОТУ», Х/ф. 17.45 «ПАЛЬМА», Х/ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «Я ЛЮБЛЮ СВОЕГО МУЖА», Х/ф. 01.20 Т/Х «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА». 03.00 P@УТИНА.

Өзгiздi ерге салма — қанатың талар,
Надана көзiңдi салма — саяың сынар.
Досыңа өтiрiк айтпа — сенiмiң кетер.
Душпаңа сырыңды айтпа — тубiңе жетер.
Төле би ӨЛБЕКҰЛЫ.



АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

БІЛІМ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТӨЛНУСҚАЛЫҒЫН EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ

Білім туралы құжаттарды тану қызметі енді eGov Mobile мобильді қолданбасында да қолжетімді. Бұл азаматтарға орта және орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарының түпнұсқалығын тікелей мобильді құрылғыдан тексеруге мүмкіндік береді. Бұған дейін қызмет eGov.kz порталында қолжетімді болды.

Сонымен қатар, бұл қызмет жоғалған құжаттардың телнұсқаларын алу және шетелде білім алғанын растау процесін айтарлықтай жеңілдетеді. Осы арқылы пайдаланушылар бұрын алған білімдерін растайтын куәлікті тез және ыңғайлы түрде рәсімдей алады, жоғалған білімдерін растайтын құжатты қалпына келтіре алады немесе шетелде білім алғанын растай алады.

Қызметті пайдалану үшін:
- eGov мобильді қосымшасына авторизациядан өтіп, «Қызметтер» - «Білім» бөліміне өту қажет;
- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі

білім туралы құжаттарды тану» қызметін таңдау керек;
- қажетті өрістерді толтырып, құжаттарды тіркеу және дербес деректерді пайдалануға келісім беру қажет;
- өтінімге Face ID/Touch ID арқылы қол қоюға болады.

Нәтижені пайдаланушы қолданбаның Жеке кабинетінде бақылай алады.
Жаңа сервис ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды.

EGOV MOBILE АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚҰМАР ОЙЫНДАР МЕН БӘС ТІГУГЕ ҚАТЫСУДАН 10 ЖЫЛҒА ДЕЙІН БАС ТАРТА АЛАДЫ

Бұрын пайдаланушылар 6 айдан 12 айға дейін тыйым салу мерзімін таңдай алатын болса, енді құмар ойындар мен бәс тігуден өз бетінше бас тартудың ең жоғары мерзімі 10 жылға ұзартылды. Қызметті eGov Mobile мобильді қосымшасында алуға болады.

Сервис өтінімдерді өндеу уақытына айтарлықтай қысқартады және құмар ойындарға өздігінен тыйым салуды орнату процесін жеңілдетеді. Ол кез келген азаматқа барлық лицензияланған ойын алаңдары мен букмекерлік компаниялардың онлайн платформаларына қол жеткізуді шектеуге мүмкіндік береді. Қызмет тек 21 жастан асқан адамдарға қолжетімді екенін атап өткен жөн.

Қызметті пайдалану үшін пайдаланушы:
- eGov Mobile мобильді қосымшасында авторизациядан өтіп, «Қызметтер» → «Спорт» қойындысына өту;
- «Құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысушы шектеу жөніндегі сервис» тармағын таңдау;
- шектеудің аяқталатын жылы

мен айып көрсету үшін «Қызмет алу» түймесін басып;
- өтінішке Face ID/Touch ID арқылы қол қою қажет.
Өтініш бергеннен кейін пайдаланушы автоматты түрде құмар ойындарға қатысуына шектеу қойылған адамдардың тізіміне өңгізледі, өтінішті қайтарып алу мүмкін емес. Бұрын шектеу қойғандар үшін оның мерзімін ұзарту мүмкіндігі бар. Қайта өтініш берген жағдайда, жүйе пайдаланушыға шектеудің аяғындағы жағдайы туралы хабарлап, оны ұзартуды ұсынады.

Жаңартылған функционал ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Туризм және спорт министрлігінің Ойын бизнесін және лотореяны реттеу комитетімен бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды.

Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА,
«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ЕМХАНАДА БІРЫҢҒАЙ CALL-ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!
Сіздерге аудандық емханада бірыңғай Call-орталық ашылғаны туралы хабарлаймыз. Сіздер енді 7-99-15 нөміріне хабарласа аласыздар.

Ыңғайлы болу үшін әр түрлі қызметтер үшін келесі қосымша нөмірлер қарастырылған:

Ересектерді тіркеу бөлімі
ұялы телефон: 8-702-075-15-04, жергілікті телефон: 7-99-10;

Балаларды тіркеу бөлімі
ұялы телефон: 8-775-096-30-54;
Пациенттерді қолдау қызметі (ПҚК)
ұялы телефон: 8-702-075-15-06, жергілікті телефон: 7-99-15;

Деріхана
ұялы телефон: 8-702-075-15-39, жергілікті телефон: 7-99-71.

Біз Сіздердің кез-келген сұрақтарыңызға жауап беруге және көмек көрсетуге әзірміз!

Директор - бас редактор
П.САЛ ТОНҒАР
Газеттің мәтінгік нөсі:
«Ақиқат-«Весты» ЖИПС

Редакцияның телефон нөмірі: 1598890 Саятүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұлыбай ауданы, Булаев көлемі, Батыр Баият көшесі, 13 үй.
Тел: 2-17-39.
Басқалық нөмірі: 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады

«Magjan Zhuldyzy» газеті редакциядан тегін беттеледі. «Свердлов Қазақстан» баспаханасында басылады (Петропавл қ., Коммунал кө-ді, 5 үй). Тарауына - 555

Газет аудан өкілінің, аудандық мемлекеттік басқармасы бойынша шығарылады және тізгіндер арқылы мемлекеттік акпараттық саясатты жүргізудегі рөлін басшылық болып уыталады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруді жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің мәніне айналады, ренжигізілмейді, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәсежрі жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!
Құрметті «Мағжан жұлдызы» газетінің сұқырмандары!
Сіздерге 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатқанын хабарлаймыз.
Газетке аудандық пошта және газет редакциясында жазылуға болатынын еске саламыз.
Газетке жарты жылға жазылу бағамы - 990 тенге.
Анықтама телефоны:
пошта - 2-17-80.
редакция - 2-21-35.

ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

АЛАЯҚТАРДАН ӨЗІҢІЗДІ ҚОРҒАҢЫЗ



Өзіңізді алаяқтардан қорғау үшін eGov mobile мобильді қолдандасы арқылы «Банктік қарыздар мен шағын несиелерді алудан ерікті түрде бас тарту» қызметіне қосылуыңызға болады.

Сізге қатысты алаяқтық жасалған жағдайда шұғыл түрде 102 телефонына хабарласыңыз.